

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Транспортир. Бұрыштарды өлшеу және салу

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.04.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/72645/>

Пәні	Математика	
Сынып	5	
Мұғалімнің аты-жөні	Орынбаева Раушан Нұраханқызы	
Оқулық	«Математика» Автор: Т.А.Алдамұратова, Қ.С.Байшоланова, Е.С.Байшоланов. Алматы «Атамұра» 2017	
Сабақ тақырыбы	Транспортир. Бұрыштарды өлшеу және салу.	
Оқу мақсаты (қысқаша)	5.3.1.4.бұрыш және оның градусық өлшемі ұғымдарын меңгеру,бұрыштарды белгілеу және салыстыру; 5.3.1.5.бұрыштардың түрлерін ажырату; 5.3.3.1.бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5.3.3.2.градусық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5.3.3.бұрыштың градусық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару;	
Бағалау критерийі	*Бұрыш, градус өлшемі ұғымын біледі; *Бұрышты белгілеуді, салыстыруды біледі; *Бұрыштың сызбасын сызып, есеп шығаруда транспортирды қолдана алады; *Бұрыштарды өлшей алады	
Іс-әрекет реті	Ресурстар	Орындалуы
Мағынаны таны	1. BilimLand сайты арқылы видеосабақ және тест тапсырмалары. 2. Оқулықта 130-132 беттегі « VII тарау. Бұрыштар.Көпбұрыштар Транспортир. Бұрыштарды өлшеу және салу. » тақырыбы.	+ белгісі мен танысқан ресурстарыңды белгіле

<p>Орында</p>	<p>Дәптерге жазамыз 15.04.2020 Транспортир. Бұрыштарды өлшеу және салу. Бұрышты өлшеу. Бұрыштар транспортирдің көмегімен өлшенеді. Транспортир бөліктерге бөлінген. Оның ең кіші бөлігі жазыңқы бұрышты тең 180 бөлікке(бұрышқа) бөлгенде шығатын бұрышқа сәйкес келеді. Сонда ең кіші бөлікке 1 градус сәйкес келеді. 1 градус 1° белгісімен жазылады. Сонымен қатар транспортирде 0°-ден 180°-қа дейін әрбір 10°-қа тең бұрыштар белгіленген және үлкею жарты шеңбердің сыртында солдан оңға қарай, ішкі жағында оңнан солға қарай берілген. Анықтама:Жазыңқы бұрыш 180°-қа тең. Бұрышты өлшеу үшін: Мысалы(3-суретте). 1. АОВ бұрышын өлшеу үшін транспортирдің ортасын (транспортирде ол сызықпен көрсетілген) бұрыштың төбесі О нүктесіне қоямыз. 2. Бұрыштың бір қабырғасы, ОА сәулесі транспортирдің нөлдік белгісінен өтуі керек. 3. Сонда бұрыштың екінші қабырғасы – ОВ сәулесі өлшенетін бұрыштың градустар санын көрсетеді. Яғни, 3-суретте АОВ бұрышы 50°, оны АОВ = 50° 3-сурет Бұрышты салу. Мысалы, АОВ = 60° бұрышын салайық. Ол үшін 1) бұрыштың төбесін О әріпімен белгілейміз; 2) ОА сәулесін жүргіземіз(4.1-сурет); 3) транспортирдің ортасы О нүктесінде, ал ОА сәулесі 0 санына сәйкес бөліктен өтетіндей етіп орналастырамыз(4.2-сурет); 4) транспортирдің жартылай шеңберінің ішкі жағынан 60°-ты тауып, оған қарама –қарсы В нүктесін белгілейміз(4.3-сурет) 5) ОВ сәулесін жүргіземіз.(4.4-сурет)</p> <p>4.1-сурет 4.2-сурет 4.3-сурет</p> <p>4.4-сурет</p> <p>Тапсырмалар: Дәптерге жарты дөңгелек сызып, оны транспортирдің көмегімен: 1. Екі тең бөлікке бөліп, бұрыштардың әрқайсысын өлшеңдер. Градустың өлшемдерін табыңдар, пайда болған бұрыштарды белгілеп жазыңдар; 2. Үш тең бөлікке бөліп, бұрыштардың әрқайсысын өлшеңдер. Градустың өлшемдерін табыңдар, пайда болған бұрыштарды белгілеп жазыңдар; 3. $EKF = 120^\circ$. EKF бұрышының ішінен KL және KN сәулелері жүргізілген. KN сәулесі – LKF бұрышының биссектрисасы. Егер NKF бұрышы 37° болса, EKL бұрышы неше градус? №1201. 7.20-суретте кескінделген бұрыштарды транспортирмен өлшеп, градустың өлшемдерін табыңдар. №1202 1) Дәптерге АОВ бұрышын салыңдар. Транспортирмен оның градустық өлшемін табыңдар. Өлшеу нәтижесін белгілеп жазыңдар. 2) Транспортирді пайдаланып, дәптерге мына бұрыштарды салыңдар: Үйге берілген есептердің жауаптарын өз жауаптарыңызбен салыстырып, өзіңізді бағалаңыз. №1190 №1191 136 бет 1190.1) ОС сәулесі АОВ бұрышының биссектрисасы және $\angle AOC = 45^\circ$. АОВ бұрышының (7.8-сурет) градустық өлшемін табыңдар. $AOB=45^\circ \cdot 2=90^\circ$ 2) Берілген бұрыштың биссектрисасы оның қабырғасымен 35° құрайды. Берілген бұрыш неше градус? $AOB=90^\circ \cdot 35^\circ=55^\circ$ 1191. Сағат 6-ны көрсеткенде оның сағаттық тілі мен минуттық тілі неше градус бұрышпен орналасады? 180° Ол бұрыш қалай аталады? Жазыңқы бұрыш.</p>	
<p>Рефлексия</p>	<p>Мен бүгін Транспортир. Бұрыштарды өлшеу және салу туралы білдім. Мен енді Транспортир. Бұрыштарды өлшеу және салу берілген есептерді шығаруды білемін.</p>	<p>+ не – белгілерін қой</p>
<p>Үй тапсырмасы</p>	<p>№1203 №1206 141 бет 1203. Градустық өлшемі 120°-қа тең DOE бұрышын салыңдар. OF және OL сәулелерімен DOE бұрышын градустық өлшемдері тең үш бұрышқа бөліңдер. FOL бұрышын градустық өлшемімен жазыңдар 1206. Сағат 2-ні көрсетіп тұр. Егер минуттық тіл 90°-қа, 180°-қа бұрылса, сағат қай уақытты көрсетеді (7.22-сурет)?</p>	<p>Шығарған есепті суретке түсіріп ортақ ватсапқа не ортақ поштаға жібер</p>

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.